

**«Үздік куратор»
атағына үміткерді айқындау Ережесі**

1. Үздік куратор оның қызметінің сараптамалық әдістері негізінде нәтижелерін бағалаумен айқындалады.

1.1. «Үздік куратор» конкурсына студенттердің ата-аналарымен тиімді қарым-қатынас жасайтын, студенттердің қоғамдық-саяси іс-шараларын, мәдени-бұқаралық және спорттық жұмыстарын ұйымдастыруға белсенді қатысатын, жазасыз қалған студенттік топтардың кураторлары жіберіледі.

1.2. Өткен оқу жылының конкурсында жүлделі орындарға ие болған кураторлар ағымдағы оқу жылында конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

1.3. «Үздік куратор» атағын алуға үміткерлерді іріктеуді факультеттік конкурстық комиссиялар мынадай өлшемшарттар бойынша жүргізеді:

1 Критерий	Кураторлық сағаттарды сапалы өткізу (сағаттардың өткізілмеуі, жоғары сабаққа қатысу). ПТБ ҒЗИ анықтамасымен расталады	0-15 балл
2 Критерий	Талаптарға толық сәйкес келетін куратор портфолиосының болуы. ПТБ ҒЗИ анықтамасымен расталады	0-15 балл
3 Критерий	Жетекшілік ететін топтың студенттерін тұрақты негізде қоғамдық пайдалы қызметке тарту («Жас Орда» ЖҚ, университеттің шығармашылық клубтары мен спорт секциялары). 1 курс топтарының кураторларына – 30% жетекшілік ететін топ студенттері; 2 курс үшін – 20%; 3 курс – 10%; 4,5 курс – 5%. ЖСД және («Жас Орда» ЖҚ анықтамасымен расталады	0-15 балл
4 Критерий	Кураторлық сағаттардың шеберлік сыныптарын жоғары деңгейде өткізу. ПТБ ҒЗИ анықтамасымен расталады	0-15 балл
5 Критерий	Студенттер үшін тәрбиелік сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу. Есептермен, БАҚ-қа, әлеуметтік желілерге сілтемелермен расталады	0-25 балл
6 Критерий	Тәрбие жұмысы мәселелері бойынша семинарлар, тренингтер, курстардан өту. Сертификаттармен расталады	0-15 балл

1.4 Факультеттік конкурстық комиссиялар алқалы түрде қабылданған шешімдердің негізінде хаттама ресімдейді, онда конкурсқа қатысу үшін 3 куратор ұсынылады және оны конкурстардың қорытындысын шығару жөніндегі университеттік комиссияға қағаз түрінде (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) береді.

1.5 Факультеттік конкурстық комиссиялар хаттамаларға конкурсқа қатысушылардың рейтингтік көрсеткіштерінің болуын көрсететін кестелерді қоса береді.

1 Кесте

Конкурсқа қатысушылардың рейтингтік көрсеткіштері

Факультет, топ	Куратор	Критерийлер					
		1	2	3	4	5	6
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>6</i>	<i>7</i>	<i>8</i>

1.6. Факультеттік конкурстық комиссиялар 1-кестенің 3-8-бағандарында конкурсқа қатысатын әрбір кураторда тиісті көрсеткіштердің болуын немесе болмауын көрсетеді.

2. Куратор қызметінің нәтижелерін сараптамалық бағалауды факультеттік конкурстық комиссиялар 1.3-тармақ көрсеткіштері бойынша ұсынған деректердің негізінде конкурстардың қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік Комиссия жүргізеді (балдармен – ең көп дегенде 100 балл).

2.1. Конкурстардың қорытындысын шығару жөніндегі университеттік комиссия сараптамалық бағалаулардың сауалнама парағын мынадай нысан бойынша толтырады:

2 Кесте

Сараптамалық бағалау парағы

Факультет, топ	Куратор	Критерийлер						Ұпай жинағы	Алған орны
		1	2	3	4	5	6		
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>6</i>	<i>7</i>	<i>8</i>	<i>9</i>	<i>10</i>

Сарапшылардың бағалауы бойынша куратор алатын орын (10 – баған) кему ретімен айқындалады (1 – орын-ең жоғары балл саны; соңғы орын-ең аз балл саны).

3. Конкурстардың қорытындысын шығару жөніндегі университеттік комиссия комиссияның әрбір мүшесі (сарапшы) қол қойған және ұсынған 2-кестенің (10-баған) қорытынды деректері негізінде конкурс жеңімпазын анықтайды.

ЖСД директоры

Бузяков Р.